

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 18)

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Автоматты сперма талдауға арналған бағдарламалық модуль (CASA-жүйесі)	<p>Автоматтандырылған сперма талдау жүйесі андрологиялық және патоморфологиялық зертханаларда қолдануға арналған. Жүйе сперматозоидтардың қозғалысын, морфологиясын, өміршеңдігін, ДНҚ фрагментациясын, акросомалық реакциясын және лейкоциттер мөлшерін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді. Барлық талдау үрдістері ДДҰ (2021 ж., 6-нұсқау) талаптарына сәйкес жүргізіледі.</p> <p>Негізгі ерекшеліктері мен артықшылықтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Барлығы бір жүйеде біріктірілген кешенді шешім • Жоғары дәлдік пен объективті нәтижелер • Суреттер мен параметрлерді автоматты түрде талдау • Ыңғайлы және интуитивті интерфейс • Нәтижелерді экспорттау және автоматты есептерді қалыптастыру мүмкіндігі <p>Негізгі функциялары:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сперматозоидтарды санау және қозғалысын талдау • Морфологиялық талдау • Өміршеңдігін анықтау • ДНҚ фрагментациясын бағалау • Акросомалық реакция сынағы • Лейкоциттерді автоматты түрде анықтау <p>Стандартты әдістер:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Динамикалық әдіс: сперматозоидтардың концентрациясы мен қозғалысын анықтау • Морфологиялық әдіс: жасуша пішіні мен құрылымын бағалау • Өміршеңдігін бағалау әдістері: эозин-нигрозинмен бояу, НОS сынағы • Қосымша сынақтар: ДНҚ тұтастығын талдау және акросомалық реакцияны анықтау 	1



	Жабдықтың толық комплектациясы:	
	<ul style="list-style-type: none"> • Цифрлық камерасы және кіріктірілген автоматты жылыту жүйесі бар микроскоп • Дербес компьютер • CASA бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесі • Маклер камерасы • Калибровкалық слайдтар жиынтығы • Пайдаланушы нұсқаулығы (мануал) 	
Барлығы		1

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры




А.Ошибаева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы



А.Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы



Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер**, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері **енгізілуі тиіс**.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс.

Төлем шарттары және аванстық төлем



Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 50 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі

Тауар келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс.

